



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ
МӘСЕЛЕСІНІҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

Иделева Динара Айтмуханбетова

Dika2809@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Бүгінгі таңдағы адамзат баласының құнды қасиеттерінің бірі - ол адам құқықтары мен негізгі еркіндіктері. Яғни осы адам құқықтарын қорғау саласының қалыптасуы барысындағы дипломатиялық қырларын жан-жақты көрсету - адам құқықтары мәселесінің мәнін түсінуге, жас тәуелсіз мемлекеттер үшін үлкен тәжірибе болуы, бүгінгі күн үшін өте өзекті мәселелердің бірі.

Аннотация. Права человека и его основные свободы - на сегодняшний день являются одним из самых ценных качеств всего человечества. То есть, эта тема является актуальной, так как, становление отрасли касательно прав человека, а так же его разносторонние дипломатические аспекты являются вспомогательными для понятия молодыми независимыми государствами что же есть на самом деле права человека.

Түйін сөз. Адам құқықтары, ынтымақтастық, сыртқы саясат, халықаралық ұйымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы.

Адам құқықтары және мемлекеттердің сыртқы саясаты. Жалпы адам құқықтарын қорғау мәселесі тек қана азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен адам бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығы ретінде, яғни дербес негізгі бір құқық саласы ретінде ғана танылып қоймай сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарының дұрыс орындалуын көздейтін аса тиімді құқықтық-ұйымдастыру тетіктері болып қалыптаса бастағаны белгілі.

Халықаралық құқық саласы шегінде дүние жүзі қауымдастығының адам құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттің ішкі жұмысына араласа алуы мүмкіндігін соңғы жылдардың ең бір үздік әлемдік жетістіктердің бірі деп қарстыруға болады.

Мәселен әмбебап сипаттағы көпжақты келісімдер, аймақтық келісімдер, екіжақты келісімдер халықаралық әдет-ғұрыптар адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі бойынша тікелей немесе жанама мамандандырылған халықаралық ұйымдардың шешімдері халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылуда.

Әрбір адам туылғанынан бастап белгілі бір мөлшердегі (материалдық және рухани) ажыратылмас құқықтарға ие, ол құқықтарды қамтамасыз ету үшін қоғам мен мемлекет жәрдемдесуі тиіс. Әрқашан да бұл игіліктердің мөлшері материалдық өндіріс жүйесінде тұлғаның қоғамдағы әлеуметтік құрылымында алатын орнымен анықталады. Қоғам дамуының әр сатыларындағы күрт өзгерістер, өркениет өзгешелігі, формальды теңдік қағидасына негізделген адам құқықтарына қазіргідей жан-жақтылық белгісін берген жоқ.

БҰҰ-өзінің бағдарламалары мен қорлары арқасында мұқтаж көрушілерге көмегін көрсетеді. Сонымен бірге техникалық көмек беріп, ұлттық мүмкіншілігінің нығаюын сүйемелдейді, аймақтық бастамаларға қолдау көрсетеді.

Осы себептерге байланысты БҰҰ-ның қызметін мүмкіндігінше тиімді қолдануға ұмтылуымыз керек. БҰҰ бүгінгі күні адамзаттың теңдесі жоқ игілігі болып табылады. Ол халықаралық ынтымақтастықтың құралы.

БҰҰ-ның жұмысында үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы жөнінде идея сонау алғашқы құрылған жылдары-ақ айтылғанымен, тек қана соңғы кездері ғана олардың БҰҰ-

ның қызметіндегі нақтылы рөлі айқындала түсті. БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынасын тәртіпке келтіру барысында қабылдаған көптеген құжаттар олардың құқықтары мен міндеттемелерін айқындайды.

БҰҰ-да үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты үйлестіру міндеті ЭКОСОС-қа жүктелген. Мұның өзі алғашында үкіметтік емес ұйымдардың қандайда мәселелерді талқылауға қатысуының шектелгендігін көрсететін сияқты. Алайда, іс жүзінде БҰҰ-ның үкіметтік емес ұйымдармен байланысы әлдеқайда кеңірек.

Іс жүзінде БҰҰ-ның барлық бөлімшелері үкіметтік емес ұйымдармен байланыста. Әлбетте бұл салада ең белсенділік көрсететіні-Қоғамдық ақпарат департаменті. БҰҰ жайындағы ақпараттарды жұртшылыққа жеткізуде үкіметтік емес ұйымдарды жалғастырушы ретінде қарай отырып, департамент өз маңайына 1500 шамасындағы ұйымдарды топтастыра алды. Өз ретінде оларды қажетті жабдықтармен, құжаттармен қамтамасыз ете отырып, олармен кездесулер, семинарлар өткізеді.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы өзінің қаулы-қарарларында нақтылы мәселелердің шешімін табуда үкіметтік емес ұйымдардың қолғабыс көрсетуін сұрайды. Соңғы онжылдықтарда іс жүзінде ұлттық, сондай-ақ халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды ірі халықаралық конференциялар өткізу жұмыстарына тартып, қаралатын мәселе бойынша жұртшылықтың көзқарастарын жеткізуге мүмкіндік беруде. Бұған жоғарыда айтылған конференциялар кезінде қатысқан жүздеген үкіметтік емес ұйымдардың істері дәлел.

Көптеген мемлекеттер басынан-ақ үкіметтік емес ұйымдардың БҰҰ-ның мәжілістерінде қандай да мәселе бойынша талқылау кезінде өз ретінде тигізетін пайдасының зор екендігін түсінді. Тек өкінішке орай Кеңестер Одағы мен басқа да социалистік бағытта болған мемлекеттер үкіметтік емес ұйымдардың мүмкіндіктерін елегісі келмеді. Сірә олар жариялықтан қашып, БҰҰ-ның комиттері мен комиссияларында үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне шектеулік қоюды бірнеше рет мәлімдеді. 1977 жылы Кеңестер Одағы Чили және Аргентинамен бірге ЭКОСОС-та Адам құқықтары жөніндегі халықаралық лигаға қарсы болды. Басты себеп осының алдына ғана Лига Мәскеуде астыртын құрылған Адам құқықтары жөніндегі комитетті қолдап, оны өзінің бөлімшесі деп қарауы еді. Кейбір социалистік елдердің үкіметтік емес ұйымдары үкіметтің ықпалынан шыға алмай, солармен ымыралас болды. Кейін келе бұл ұйымдарда ЭКОСОС-тағы өздерінің орындарынан айырылып қалды.

БҰҰ құрылғаннан бастап өзінің қызметінде белгілеген мақсаттары адам құқықтарын қорғау саласындағы ең маңыздылардың бірі болып табылады. Ал үкіметтік емес ұйымдарға келетін болсақ, бұл жүйеде олар өз орындарын өздері айқындады. Сөйтіп, адам құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның Комиссиясының хаттамасында былай деп көрсетілген: «БҰҰ-ның Жарғысының ережесі, нақты оның 68-бабы (бапқа сәйкес ЭКОСОС адам құқықтарын қорғауға байланысты қажетті мекемелер құруға өкілетті)-үкіметтік емес ұйымдар мен жеке тұлғалардың Сан-Францискиде қол жеткізген жетістігі».30-дан астам үкіметтік ұйымдар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының мәтінін жазуға қатысты. Олар Адам құқықтары жөніндегі комиссиясымен ынтымақтаса отырып, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының тапсыруымен Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіні және Экономикалық және мәдени құқықтар туралы пактіні дайындауға көмектесті.

Бүгінгі күні ешкім де үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын жоққа шығармайды. Бұл жөнінде 1993 жылы Венадағы адам құқықтары жөніндегі Бүкіләлемдік конференцияда қабылданған декларацияда былай деп айтылған: «Адам құқықтары саласындағы өлшемді орнатудағы мемлекеттердің жауапкершілігін мойындай отырып, конференция осы саладағы үкіметтік емес ұйымдардың үлесін жоғары бағалайды»[1].

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған БҰҰ-ның 47-ші конференциясында БҰҰ-ның Бас Хатшысы өз сөзінде үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық статусының өсіп отырғанын атап өтті.

Іс жүзінде бүгінгі қабылданған адам құқықтары жөніндегі барлық конвенциялар үкіметтік емес ұйымдардың белсенді қатысуымен дайындалып, қабылданған болатын.

Солардың ішінде 1959 жылы қабылданған «Балалар құқықтары Декларациясын», 1989 жылы қабылданған «Балалар құқықтары Конвенциясын» дайындауға ынталандырушы болған да үкіметтік емес ұйымдар еді. Балалар құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық үлгінің негізгі бес парқын қарауға сонау Ұлттар Лигасының балалар үкіметтік емес ұйымы-Балаларды қорғау қорының халықаралық одағы ұсынған болатын.

135 үкіметтік емес ұйымдар тұрғылықты халықтардың құқықтарын қорғауға байланысты халықаралық құжаттарды дайындауда қандайда бір мөлшерде оң ықпал жасайды.

Әлбетте осы үкіметтік емес ұйымдардың ішіндегі ең белсенділерінің бірі бұл әйелдер ұйымдары болып табылады. Олардың қатысуымен БҰҰ-да әйел теңдігі жөніндегі мақсатқа жетуде алғашқы қадамдар жасады. 1979 жылы желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған «Әйелдерге қатысты жікшілдіктің барлық түрлерін жою жөніндегі Конвенция»-Әйелдер тұрмысы жөніндегі Комиссияның, әр түрлі жұмысшы топтарының, сонымен бірге Бас Ассамблеяның тәуелсіз әйелдер ұйымдарымен жасасқан ынтымақтастығының нәтижесі.

БҰҰ, ЕҚЫҰ және Қазақстан: адам құқы мен еркіндіктері саласындағы ынтымақтастығы. Алпысыншы жылдары Қазақстан «дербес» ел саналса да, КСРО құрамындағы басқа республикалар сияқты халықаралық ұйымдарда тікелей өкілдік ете алмады. Тіпті бұрынғы Кеңестер одағы көлемінде өз елінің шынайы дербестігі туралы сөз етудің өзі мүмкін емес еді.

Қазақстан екі жарым ғасыр бойы Ресей империясының отары ретінде күн көріп келгені мәлім. Енді, 1991 жылы егемендігін жарияланғаннан кейін біздің еліміз де дүние жүзі елдері қатарынан өз орнын алуы тиіс еді. Осы ретте Қазақстанның тәуелсіздікке қолы жетісімен, ол халықаралық қатынастағы аса беделді ұйымдарға, яғни 1992 жылдың 3 наурыздағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 46-сессиясында БҰҰ-на толық құқықты мүшесі болып қабылданды. Осылайша өзінің бірегей геосаяси жағдайларына орай Азия мен Еуропа арасында, Батыс пен Шығыстың ұлы мәдениеті арасында ежелден өзіндік көпір болып келе жатқан ел әлемдік қауымдастықпен терезесін теңестірді. Жер көлемі әлемдегі ірі мемлекеттердің қатарына бола тұра, КСРО-ның көлеңкесінде аты мәлімсіз Қазақстанды енді төрткүл дүние таныды. БҰҰ-на аз уақыт ішінде мүше болған Қазақстан, Біріккен Ұлттар Ұйымының әртүрлі институттарымен тиімді ынтымақтасып, әлемдік саясаттың маңызды бағыттарында, оның ішінде адам құқықтары мәселесінде табысты қызмет жасауда. Қазақстанның БҰҰ-мен ынтымақтастығы Қазақстан Республикасында демократиялық жүйенің түбегейлі қалыптасуына зор үлесін қосуда.

Халықаралық аса беделді ұйым – ЮНЕСКО-ның басшылық органы саналатын Атқару кеңесінің құрамына біздің еліміз 1997 жылдың қазан мен қарашала өткен бас конференциясының 29-шы сессиясындағы сайлау барысында өз тарихында тұңғыш рет енген еді. Мұның өзі еліміздің халықаралық беделінің артқандығын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар ЮНЕСКО идеяларын жүзеге асыру жолында өзіне зор сенім арттырылып, жауапкершілік жүктеліп отырғанын аңғартып, Қазақстанның осынау ұйыммен ынтымақтастығының жаңа деңгейге көтерілгенін паш етеді.

Қазақстанның ЮНЕСКО – мен ынтымақтастығының біздің еліміз үшін ерекше зор маңызы бар. Мұның өзі ғылым, мәдениет, білім, коммуникация саласындағы алуан түрлі маңызды жобаларды жүзеге асыру тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар адамзаттың алдыңғы қатарлы озық ақыл-ой қазыналарына, идеяларына сондай-ақ болашаққа бағытталған сындарлы бағдарламаларына бой ұру тұрғысынан да маңызды.

Қазір адамзат алдында тұрған басты мақсат жаңаша ойлау қабілетін басшылыққа алу, жаңа өмір-салтына көшу, қоғамды жаңғырта дамытуға жаңаша тұрғыдан келу болып табылады. Міне, мұндай кезеңде болашақты болжаудың, жаңалықтар негізуге ұмтылудың және мұның бәріне де тың тұрғыдан келудің ерекше маңызы бар. Осыған байланысты БҰҰ мен ЮНЕСКО ұсынып отырған тиімді тәсіл дүниежүзілік мәдениет болып отыр, яғни, бүкіл әлемді жалпыадамзаттық рухани қазыналар тұрғысынан жаңаша көре білу қабілетін қалыптастыру – бостандықты, ынтымақтастықты және адам құқықтарын қастерлеу болып

табылады. ЮНЕСКО-ның Бас директоры дүние жүзі мемлекеттерінің басшыларына ұсынған осы бір жаңа жобаны Қазақстан Республикасы да қолдады.

Қазақстанда адам құқықтарын қорғаумен және оны насихаттаумен айналысатын аз ғана құқық қорғау ұйымдарының қызметі БҰҰ және ЮНЕСКО ұсыныстарына сәйкес екені де атап өтілді. БҰҰ-ның адамның жеке басын және адамның қадір-қасиетін сезінуін жан-жақты дамыту, халықты адам құқықтарын оқып – үйренуге тәрбиелеу жұмыстары бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Солардың бірі – «Келіспеушілікті шешетін орталық» үкіметтік емес ұйымдар мен Мәскеу адам құқықтары мектебі, Эссек Университеті \Ұлыбритания\ адам құқықтары орталығымен бірігіп, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясындағы адам құқықтары саласындағы білім беру» жобасын жасады. Жоба Еуропа Одағының ТАСИФ-ФАРЕ демократиялық бағдарламасы тарапынан қолдау тауып, 1998 жылдан жүзеге асырыла бастады.

Егеменді еліміздің 1992 жылдың 8 шілдесінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесінің Хельсинки Қорытынды Актісіне (1975ж.) Қосылуы, ішкі және халықаралық өмірдегі адам құқықтары саласындағы осы ұйымның ұсыныстарын, ережелерін, үлгілері мен өлшемдерін сақтауға және жүзеге асыруға міндеттейді[2].

Қазақстан Республикасының тұғырлы көзқарасына орай Қазақстан өкілдерінің негізгі назары ЕҚЫҰ тиімділігі орнату саласындағы шешімдерді әзірлеуге бағытталды. Оның ішінде жанжалдардың алдын-алу, дағдарыстарды реттеу және бейбітшілікті сақтау қызметі, ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік, адамдық және экономикалық өлшемдер моделін жасау, сондай-ақ қару-жараққа бақылау және жаппай қырып жоятын қаруларды таратпау мәселелері бар.

ЕҚЫҰ қатысумен өзінің сыртқы қауіпсіздігін байланыстыратын Қазақстан үшін ЕҚЫҰ үрдісінің қай бағытта дамитыны, 1996 жылы Лиссабондағы кезектегі самитте қойылған ХХІ ғасырға арналған қауіпсіздік үлгісінің қандай болатыны ерекше маңызды.

ЕҚЫҰ Еуропа құрылығындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтаудың өзекті мәселелерін талдап қана қоймай, сындарлы шешімдер қабылдауда үлкен мүмкіндіктер бар халықаралық институт екеніне күмән жоқ. ЕҚЫҰ мүше болуға шешім қабылдай отырып Қазақстан осыны басшылыққа алды.

Қатысушылар кең құрамы мен кеңістігі, кеңеске қазірде өз міндетін мақсаткерлікпен орындап, әлі де болса толық іске қосылмаған мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай туғызады. Сондай-ақ мұндай жағдайдың көбісі қарсыластық кезеңінде құралып, қазір жаңарған жағдайларға көндіру сәтін бастан кешіп жатқан көптеген аймақтық ұйымдарға тән. ЕҚЫҰ қазіргі Еуропадағы дағдарыстардың алдын алу мен оларды реттеу жөніндегі кейбір аяқталмаған шаралары соған байланысты.

Әрине, кеңестің қазіргі орын алып отырған жанжалдарды, әсіресе қарулы қақтығыстарды шешу үшін мандаты да, қаржысы да, өз бейбітшілік сақтау күштері де жоқ екені белгілі. ЕҚЫҰ қазіргі жағдайда жүзеге асыру механизмі болмағандықтан өзінің он негізгі парықтарын орындауы қиынға түсіп отыр.

Қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту – ЕҚЫҰ-ның негізгі міндеті болғандықтан, бұл жиынның Орталық Азия аймағы істеріне нақтылы араласуы қажет. Мұның өзі ЕҚЫҰ қызметінің табысына, оның беделі мен тиімділігіне ықпал етеді. Екінші жағынан Орта Азия мемлекеттерінің ЕҚЫҰ қызметіне белсене қатысуы олардың қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын нығайтып, экономикалық және әлеуметтік ілгерілеуіне адам құқықтары мен азшылық ұлттар құқын сақтауға игі әсер етпек.

1992 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-на кірді. Мұнда бұл ұйымның тұрақтылық пен мәселелерін талқылауда уақыт талабына тиісінше жауап беруге қажетті кең ауқымды өкілеттігі мен икемдігі бар екендігі назарға алынды.

Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында бейбітшілік пен қауіпсіздіктің ажырамастығы туралы негізгі тұжырымды мойындайды. Бұл ЕҚЫҰ қатысушылар үшін олардың аймақтық, этникалық және діни белгілеріне қарамастан ортақ игілігі. Азия құрылығында қауіпсіздік құрылымдарын құруға тырыса отырып, Қазақстан Жерорта теңізі мемлекеттерімен ынтымақтастықты қоса алғанда ЕҚЫҰ тәжірибесіне сүйенеді.

КСРО құлағаннан кейін Орта Азия мемлекеттері жалпыеуропалық үрдістердің толық құқылы мүшесі болуы, ЕҚЫҰ ортасында түсініктік тауып, Еуропаның қауіпсіздігі мен тұрақтылығы Еуропа құрлығындағы оқиғалардың дамуына ғана емес, оның айналасындағы, соның ішінде Кавказ бен Орта Азиядағы жағдайларға да байланысты екенін көрсетуде.

Бізде орын алған жанжалдарды реттеу мәселесінде аумақтық тұтастықпен адам құқын сақтау сияқты ЕҚЫҰ парықтарына сүйену қажеттігі заман талабы. Бұл жағдайда ЕҚЫҰ қазіргі бар және енді жасалып жатқан бейбітшілік сақтау механизмдеріне сүйену қажет.

Соңғы кездері ЕҚЫҰ тарапынан адамның өлшем мәселелеріне басты назар аударылып жатқаны белгілі. Қазақстан үшін бұл мәселесінің өзіндік құндылығы бар. Алматыда 1994 жылдың сәуіріне өтіп, ЕҚЫҰ азшылық ұлттар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссары Макс ван дер Стул қатысқан адамдық өлшем жөніндегі семинардың үлкен мәні болды[3].

Қазақстан мен ЕҚЫҰ-ның ара-қатынасының берік нығая түсуіне аса зор көңіл бөлінуде. Сол ретте, ЕҚЫҰ қасындағы Адам құқықтары жөніндегі Бюромен тығыз ынтымақтасу мақсатында келісім құжаттарға қол қойылды. Соның барысында біздің елімізде осы беделді ұйымның өкілеттілігі ашылды. 1996 жылы Қазақстан Президенті бастаған Қазақстан делегациясы ЕҚЫҰ саммитының толық сессиясына қатысып, үшінші отырыста өз ұсыныстарымен сөз сөйледі, Қазақстанның ЕҚЫҰ-ның хатшылығымен, Аз ұлтты халықтар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарымен, сондай-ақ Адам құқықтары және демократиялық институт жөніндегі Бюромен тығыз ынтымақтастығын атап өтті.

Қазақстан мен ЕҚЫҰ-ның ынтымақтасуына көптеген саяси бағыттар ашық деп айтуға болады. Соңғы кездері біздің қатынасымыздың елеулі жүйелі дамыған бағыты, Аз ұлтты халықтар ісі жөніндегі ЕҚЫҰ-ның жоғарғы комиссары Макс ван дер Стулмен бірлесе отырып, саяси дөңгелек 1996 жылдың желтоқсанында «Қазақстан: ХХІ ғасыр табалдырығында бірыңғай көпұлтты қоғам орнату» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кофи А. Аннан. Партнерство во имя всемирного сообщества. Годовой отчет о работе Организации за 1998 год. //Нью-Йорк: ООН, 1998
2. <https://egemen.kz/article/ugynystyk-uderisteri-belsendi-yntymaktastyk-pen-ozaratusinistiktin-natizhesi> қаралған күні: 23.03.2018
3. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ. Қорытынды есеп.-Алматы, 1999.

УДК 341.1/8

ПРОБЛЕМА ЗАЩИТЫ ЖЕРТВ ВООРУЖЕННЫХ КОНФЛИКТОВ НЕМЕЖДУНАРОДНОГО ХАРАКТЕРА

Искакова Анель Данияровна

2147615@mail.ru

Студент 2 курса международного права ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Костяная Ю.С.

В настоящей статье рассмотрим понятие вооруженного конфликта немеждународного характера, а также правовое регулирование защиты жертв таких конфликтов, этапы развития в области международного гуманитарного права. На конкретных примерах выявим проблемы правового регулирования и практической реализации защиты прав жертв, конфликтов немеждународного характера.

ООН проделала огромную работу по предотвращению вооруженных конфликтов с момента окончания Второй Мировой войны, которая завершилась 2 сентября 1945 года, повлекшая чудовищное разрушение с миллионами погибших людей.

Несмотря на все усилия ООН, во всем мире не только сохраняются военные конфликтные ситуации, а возникают новые. Одной из особенностей большинства